

ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКА , ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА  
УНИВЕРСИТЕТІ

“Банк ісі” кафедрасы



# ИСЛАМ ДАМУ БАНКІ



Bank Islam

بيشك اسلام ماليسيا برحد

*Progressive, Professional & Friendly*

Орындаған: Шәкәр Фариза



## Слайд жоспары:

- Ислам банк жүйесінің тарихы мен принциптері  
(*Муфаяда , Мудароба* ұғымдары)
- "Сукук" ислами құнды қағаздары (облигация)
  - Қазіргі кездегі ислам банктері

**Мақсатым:** Ислам банк жүйесінің тарихын зерделеп, банк арасында қолданылатын ұғымдарға тоқталып кету және қазіргі Ислам банк жүйесінің дамуын қарастыру.

# Ислам банк жүйесінің тарихы

Біздің заманымыздың VIII – XIII ғ.ғ. Аралығы Ислам әлемінің Алтын Ғасыры кезіңі болып саналады.

Қазіргі заманның ислами банктерінің тарихы XX ғ. 60-жылдарынан бастау алады. 1963 жылы Египетте жергілікті экономист Ахмад әл-Наджардың бастамасымен құрылады. Банк шарифат заңдылықтарының негізінде құрылып, мақсаты халықтың жинақтаған қаржыларын пайдалана отырып табыс әкелетін жобаларды қаржыландырудың арқасында пайда табу болды. 1967 жылы банк исламдық радикализмге қарсы күрестің құрбаны болып, жабылып қалады. Бірақ банктың негізін қалаушы Ахмад әл-Наджар болашақта мұндай қаржылық институттардың сәтті қызмет ететініне сенімді болды. Ол Сауд Арабиясына көшіп кетеді. 70-жылдары мұнайдың бағасы қарқынды түрде өскен болатын. Бұл жағдай исламдық негізде банк құру үшін оңтайлы кез болатын. Алдымен 1975 жылы Ахмад әл-Наджардың қатысуымен Ислам Даму Банкі құрылды (ИДБ). Соңынан Біріккен Араб Әмірліктерінде (БАӘ) "Dubai Islamic Bank" атты ислами банк дүниеге келді. Олардың соңынан Faisal Islamic Bank (Египет, 1977 ж.), Faisal Islamic Bank (Судан, 1977 ж.) және Bahrain Islamic Bank (Бахрейн, 1979 ж.) банктері өз қызметтерін бастап кетті. Алғашқы кездегі скептицизм (күдік) бірте-бірте жойылып, банктердің жарқын болашағына деген сенім арта түсті. Осылайша, ислами банк жүйесіне деген байсалды қатынас орнай бастады. Аз уақыттың ішінде Ислам банк ісінің менімді әрі болашағы бар банк жүйесі екендігі түсінікті болды. *Муфаяуда* – қатысушалар санына шектеу қойылмайтын, бір мақсатқа жұмылған әріптестердің серіктесуі. Бұдан бөлек *Мудароба* деген серіктестіктің түрі болды. *Мудароба* бойынша әріптестердің санына шектеу қойылады.

# Ислам банк жүйесінің принциптері

- Шарифат заңдарын орындау – Исламдық банктердің айнымас, ажырамас қағидасы. Бұл қағидалар өздеріне тиісті принциптер бойынша іске асады. Исламдық банктердің негізгі шарифаттық принциптеріне тоқталамыз.
- ·Ысырап жасамау;
- ·Заңсыз және ретсіз монополияға тиым салу;
- ·Тауарға қойылатын бағаның шектен тыс қымбат болмауы;
- ·Шарифат пайдалануға тыйым салатын заттар мен тауарларды жасауға және сатуға тыйым салу;
- ·Ұрланған және ұқыпсыз заттарды сатуға тиым салу;
- ·Алдап-арбамау, алаяқтық жасамау;
- ·Бастыпқы капиталдың шарифат үкімдеріне сай адал жолмен келуі.
- Жоғарыда аталған принциптер Ислам банк жүйесіндегі банк институттары үшін орындауға әбден мүмкін принциптер болып табылады. Тағы бір айта кетерлік жәйт, Ислам банктер жүйесінде "Ақша сасымайды" деген ұстаным жарамайды. Шарифат бойынша ақшаның қандай жолмен келгендігі және қандай мақсат үшін жұмсалатындығы өте маңызды.



# “Мудараба” ұғымы

- Мудараба мәнін келесідей сипаттауға болады: 1-шіден (ақша иесі, қаржыгер,) кәсіпорынға капитал құю, 2-шіден (мудриба-агент) еңбек күші мен басқарушылық қызмет. Алынған пайда алдын-ала жасалған келісім бойынша қатысушылар арасында бөлінеді. Ал пайда табылмаған жағдайда барлық шығындарға рабульмал ғана жауап тартады. Өйткені шарифат бойынша екінші жақтың көтерген қиыншылықтары, жұмсалған уақыт пен күші, 1-ші жақтың жоғалаған ақшасына теңестіріледі. Бұл мудараба іргесі болып табылады.

# "Сукук" ислами құнды қағаздары (облигация)



'Сукук' сөзі араб тілінде "заңды құжат", "акт", "түбіртек" деген мағыналарды білдіреді. Ал қазіргі Исламдық Банктер жүйесінде құнды қағаздар эквиваленті ретінде пайдаланылады. Сукук – шарифат заңдылықтарын сақтай отырып әрекет ететін құнды қағаз. Оның тарихы Ислам дінінің алтын ғасырынан бастау алады. Сукук бойынша берілген қарыз ақша үшін ешқандай үстеме ақы қосып толеу міндеті жүктелмейді. Жобадан түскен пайдадан ғана серіктестер өзара тиісті олжаларын бөліп алады.



- Қазіргі кездегі Сукук құнды қағаздарына тек қана мұсылман елдер емес, сонымен бірге батыстық елдер де қызығушылық танытуда. Батыс елдерінің арасынан алғашқы болып Ұлыбритания "Сукук" құнды қағазына қызығушылық танытуда. Тіпті, жақын арада қолданысқа енгізу мәселесін де қызу талқылап жатыр.
- 2006 жылдың басында Бахрейндегі Сукук арқылы іске асырылған несиелердің мөлшері 18 млрд. долларды құрады.
- Осы жылы Гонконг өзінің салық саясатындағы кейбір заңдарына өзгерістер енгізбек. Ол жайында елдің қаржы хатшысы Джон Цанг мәлімдеді. Өзгерістер арқылы Гонконг ислами заңдылықтарды бұзбайтын Сукук құнды қағаздарын пайдалану мүмкіншілігіне ие болмақ. 2009 жылы Малайзиямен жасалған келісім бойынша Гонконг ол елдің көмегіне жүгінді.
- Көрші жатқан Ресей Федерациясында 2010 жылы үш компания исламдық лизинг жүйесіне көшті.

# Қазіргі кездегі ислам банктері

- Осы күндері бүкіл әлем бойынша 50-ден астам елде 300-ге жуық ислами банк қызмет етеді. Олардың активтері шашамен 700 млрд. -- 1 трлн. АҚШ долларына тең, қызмет ету аумағы тек қана араб елдерінде ғана емес, сондай-ақ, АҚШ, Канада, Ұлыбритания және Австралияда таралған. Олардың тұтынушылары мен клиенттері тек қана мұсылмандар емес, ірілі-ұсақты батыстың компаниялары бар. Әлемдегі алдыңғы қатарлы банктер – JP Morgan, Deutsche Bank, ABN Amro, IAG, Citibank Chase Manhattan және Hong Kong & Shanghai Banking Corporation – өздерінің құрылымында ислами банкке арналған арнайы бөлімдерін ашқан. Ислам банктерінің ең үлкен орталықтары Иранда (\$235 млрд.), Сауд Арабиясында (\$92 млрд.), және Малайзияда (\$67 млрд.) орналасқан. MENA ақпараттық агенттігінің мәліметтерінше ислам негізіндегі қаржылардың 56% Таяу Шығыста шоғырланған.





## Қорытындылайтын болсақ:

- Ислам банктері қазіргі уақытта көп мемлекеттерде дамыды десек болады. Оның басқа елдердердің банктерінен қарағанда бір өзгешелігі – шариғатқа сүйенеді. Яғни шариғат Құранға сүйенеді. Және мудароба, сукук және т.б ұғымдар көптеп қолданылады. Осы күндері бүкіл әлем бойынша 50-ден астам елде 300-ге жуық ислами банк қызмет етеді.



Назарларыңызға рахмет!!!